

"ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай құбыры компаниясының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қыркүйек N 1357

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай құбыры компаниясы" жабық акционерлік қоғамының осы акционерлік қоғамның фирмалық атауын:

"ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" деп өзгерту жөніндегі ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті заңда белгіленген тәртіппен "ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай құбыры компаниясы" жабық акционерлік қоғамын осы қаулының 1-тармағына сәйкес қайта атау жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын.

3. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компанияның Байқаушы кеңесі мына құрамда бекітілсін:

Шүкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі, төраға

Дәукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрінің орынбасары (вице-министрі) - Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментінің директоры

Қаппаров Н.Д. - "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясының президенті

Котлов А.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорын - "Южнефтепровод" және "Қазақстан мен Орта Азия арналы мұнай құбыры" өндірістік бірлестіктерін қайта ұйымдастыру туралы

" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 461 қаулысына:
1-тармақтың екінші және үшінші абзацындағы және 2-тармақтағы " Қазақмұнайқұбыры" ұлттық мұнай құбыры компаниясын", "Қазақмұнайқұбыры" ұлттық мұнай құбыры компаниясы" деген сөздер "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясын", "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Құбыр желісі көлігін дамыту мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1176 қаулысына:

1-тармақтағы "Қазақмұнайқұбыры" ұлттық мұнай құбыры компаниясы" деген сөздер "КазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ескерту. 4-тармақтың 6, 7, 8, 9-абзацтарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.27. N 781 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі